

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QUGK6359>***А. М. Тлеужанова**

Alikhan Bokeikhan University,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-6758-1870>*e-mail: aismur1988ais@gmail.com

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ЖЫРЫНДАҒЫ ТРИКСТЕР БЕЙНЕСІ

Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі трикстер архетипі зерттеледі. Бұл архетип феномені әлі күнге дейін әдебиеттану ғылымында өзекті болып отыр. Трикстер архетипінің мағынасы, түрлері, әдебиеттегі көрінісі сөз болады. Трикстердің кім екендігі, оның негізгі сипаттамалары анықталады. Зерттеу жүргізу барысында трикстердің теориялық аспектілерін зерделеуде шетел және қазақ архетип зерттеуші ғалымдарының К. Юнг, П. Радин, Д. Гаврилов, М. Бахтин, Е. Корнилова, А. Кузнецов, Қ. Оразқұлова, М. Оразбек, С. Қондыбай, А. Тайжанұлы т.б. пікірлері басшылыққа алынды. Трикстер архетип ретінде ең маңызды бейнелердің бірі болып табылады. Барлық халықтардың фольклорында, әдебиетінде бар және мәдениеттің барлық кезеңдеріне қатысып, ұжымдық сипат береді. Трикстер дегеніміз («trickster» ағылшын сөзі – айлакер, құйтырқы т.б.) мағынасында қолданылады. Қоғамға, жалпыға ортақ заңға қарама-қарсы келетін іс-әрекеттер жасайтын, мифологиядағы, фольклордағы және көркем әдебиеттегі бейне немесе антропоморфты жануарлар. Трикстер көркем шығармаларда басты кейіпкердің жанындағы жанама кейіпкер де болып табылады. Зерттеу нысаны ретінде қазақтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпостық жырғы негізге алынды. Зерттеудің мақсаты – психоанализ әдісі арқылы қазақ халықының лиро-эпостық жырғына талдау жасалынып, трикстердің көркемдік қызметі қарастырылды. Лиро-эпостық жырлардағы Қарабай, Қодар трикстер бейнесі мысалдар арқылы талданады. Лиро-эпостық жырлардағы айлакерлердің ерекшеліктерін жеткілікті толық сипаттамасының болмауы осы мақаланың өзектілігін анықтайды. Сондықтан зерттеуге өзек болған

трикстер тек өткеннің ғана емес, қазіргі мәдени құндылықтар мен әлеуметтік мәселелерді зерттеуге көмектеседі.

Кілтті сөздер: архетип, трикстер, бейне, фольклор, лиро-эпос, көркем әдебиет.

Кіріспе

Адамзат баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап көркем әдебиетпен сусындап өседі. Ең алдымен, анасынаң бесік жырын тыңдап, әжесінің ертегісін естіп, содан кейін көркем әдеби шығармаларды оқып, өзін-өзі дамыта түседі. «Фольклор – синкретті, көп функциялы руханият. Ол әрі танымдық, әрі эстетикалық қызмет атқарады. Фольклор тәрбиелік мақсатта да пайдаланылады» [1, 8-6.], – дегендей, біз фольклорлық мұралар мен көркем шығармаларды оқу арқылы ләззат аламыз, жақсы кейіпкерлердің бейнесі арқылы қуанамыз және зұлым кейіпкерлердің іс-әрекеті үшін ашуланамыз. Шығармалар арқылы айналадағы күрделі және байсалды оқиғаларды танимыз, адамдардың жақсы, жаман екенін, әлемнің ақ пен қарасын түсінеміз. Содан кейін біз көркем шығармадағы басты және жанама кейіпкерлердің бейнесі арқылы жақсылық пен жамандықты түсінеміз.

Көркем шығармалардағы басты кейіпкердің жанындағы жанама кейіпкерді әдебиеттану ғылымында трикстер деп атаймыз. Кейбір шығармаларды трикстер басты кейіпкер де болып табылады. Әртүрлі кезеңдердегі қоғамның әлеуметтік жағдайлары мен мәдени құндылықтарына байланысты көркем шығармалардағы трикстер бейнесі өзгеріп отырады. Бұл заңды құбылыс.

Трикстер архетипі ХХ ғасыр бойы үздіксіз зерттеліп келеді. Ресейдегі трикстер феноменін зерттеушілердің бірі – Д. А. Гаврилов бұл ұғымның ағылшын тіліндегі «trick» (қулық, айла, айлакерлік) сөзінен шыққанын атап өтеді. Тікелей аударғанда «trickster» – «алаяқ», «айлакер», «қулығын асырған адам» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі орыс тілінде бұл ұғымға балама болатын көптеген синонимдер бар: «шут, скоморох, плут, обманщик, лицедей, дурак, паяц» [2, 1-6.], сияқты сөздер. Олардың әрқайсысы трикстер бейнесінің белгілі бір қырын ашып көрсетеді және барлығы бірге осы архетиптің күрделі табиғатын сипаттайды.

Танымал ғалымдардың бірқатар идеяларын кеңінен қорытындылаған К. Г. Юнг трикстер бейнесінің әмбебап сипатын айқындап, оның «барлық дәуір мифологияларында көрініс табатынын» және «ерекше көне архетиптік психологиялық құрылым – психологиялық бірлік (психологема)» екенін атап көрсетеді. «Призрака трикстера в мифологиях всех времен», «является «психологемой», чрезвычайно древней архетипической психологической структурой. В своих наиболее отчетливых проявлениях

он предстает как верное отражение абсолютно недифференцированного человеческого сознания, соответствующего душе, которая едва поднялась над уровнем животного» [3, 343-б.].

К. Г. Юнгтің пайымдауынша, трикстер – «бір мезгілде әрі адамнан жоғары, әрі адамнан төмен, яғни жануарлық пен құдайлық болмысты қатар бойына сіңірген күрделі бейне» екенін атап өтеді. «Одновременно и сверхчеловек, и недочеловек, животное и божественное бытие» [4, 347-б.]. Ол адам санасының әлі толық дараланбаған, жануарлық деңгейден жаңа көтеріліп келе жатқан күйін бейнелейді. Бұл архетип адамның бейсаналық психикасының ертеректегі формаларының ізі ретінде танылып, сана эволюциясының куәсі болып табылады. Трикстердің әрекеттерімен қатар жүретін күлкі – дамыған сана деңгейіндегі скептицизмнің көрінісі. Бұл - адамзаттың өзіне бағытталған сыншыл күлкісі де болып табылады. К. Г. Юнг жанды энергия жүйесі ретінде қарастырып, оның үйлесімді қызмет етуі үшін қарама-қарсылықтардың кернеуі қажет деп есептейді. Осы тұрғыдан алғанда, трикстер – жанның қосқырлы құрылымының көрінісі және оның ішкі тепе-теңдігін сақтауға ықпал етуші күш. Ол жанды терапиялық тұрғыдан «сауықтыратын» бейне ретінде түсіндіріледі, себебі адам өз рухани дамуы барысында өткендегі төмен интеллектуалдық және моральдық деңгейін ұмытпай, соны санада ұстап тұру арқылы өзін тануға ұмтылады. Осылайша К. Г. Юнг архетиптің бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтпағанын ғылыми тұрғыда дәлелдейді.

Трикстер – жер бетіндегі дерлік барлық халықтардың ерте мифологиясынан кездесетін көне архетиптік кейіпкер. Бұл терминді ғылыми айналымға американдық антрополог Пол Радин енгізген. Ол алғаш рет виннебаго үндістерінің мифологиясын мәдениеттанымдық тұрғыдан талдау барысында трикстер архетипін жүйелі түрде зерттеген.

П. Радин: «Трикстер отличается лукавством, хитроумием, коварством, жестокостью, способностью к трансформациям или перевоплощению. Он всегда одновременно творец и разрушитель, обманщик и жертва обмана. У него нет сознательных желаний, его поведение определяется инстинктами и импульсами. Он не знает ни добра, ни зла, хотя и несет ответственность и за то, и за другое» [5, 21-б.], яғни трикстер – айлакерлігімен, қулығымен, екіжүзділігімен және қаталдығымен ерекшеленетін кейіпкер. Ол үнемі өзгеріске ұшырай алады, яғни түрлену мен бейнеден бейнеге ену қабілетіне ие. Трикстердің табиғаты қайшылыққа толы: ол бір мезгілде әрі жаратушы, әрі бұзушы, алдаушы, әрі алданған тұлға. Мұндай кейіпкердің саналы тілектері болмайды, оның мінез-құлқын көбіне инстинктілер мен ішкі импульстер басқарады. Сондықтан трикстер жақсылық пен жамандықты ажырата алмайды, бірақ соған қарамастан, екеуіне де жауапты. Яғни бұл

бейне адам табиғатының қарама-қайшылықтарын, оның рухани және инстинктивті бастаулары арасындағы күресті бейнелейді. Трикстер - адам санасындағы бейсаналықтың символы, ал оның әрекеттері моральдық шекаралар мен қалыптасқан ережелерді бұзу арқылы адам болмысының терең қабаттарын ашады.

Әдебиеттегі трикстер – фольклорда, мифологияда және діни наным-сенімдерде кеңінен таралған архетиптік бейне. Ол қоғамдық нормалар мен дәстүрлі қағидаларға қарсы әрекеттер жасап, қоғамдағы қалыптасқан тәртіпті сынайтын әрі өзгеріске итермелейтін кейіпкер ретінде көрінеді. Көркем шығармаларда трикстер құдай, рух, адам немесе жануар бейнесінде сипатталады.

1-кесте – Трикстердің негізгі сипаттамалары.

Трикстерге тән қасиеттер	Негізгі сипаттамалары
Айлакерлік	<i>Трикстер өз мақсатына жету үшін түрлі айла-амал қолданады, алдап-арбайды, қалжыңдайды немесе кейде ұрлыққа дейін барады.</i>
Қақтығыс	<i>Олар жиі қоғамдық тәртіпті бұзып, басқа кейіпкерлермен дау-дамайға түседі.</i>
Шығармашылық	<i>Трикстер жаңа идеялар тудырып, оқиға барысын өзгерту арқылы мәдени және рухани жаңғыруға ықпал етеді.</i>
Амбиваленттілік (екі жақтылық)	<i>Олар бір мезгілде жақсылық пен жамандықтың да бастауы бола алады.</i>

«This mythological character is difficult to define but is an archetype that Jung himself explored. The Trickster can be understood not only as a part of the Jungian individuation process, but also, from an anthropological perspective, as a metaphor for change, embodying the dynamics between the personal and the systemic. Mythological narratives featuring Loki portray him as a figure that frequently challenges the civilising forces of society, a challenge that can lead to either destruction or renewal for the society in question» [6, 1-6.].

Әлемдік мифологиялық жүйелерде трикстер бейнелері алуан түрлі формада көрінеді. Мысалы: Локи (скандинав мифологиясы) – айлакер құдай, көбіне зұлымдық пен хаос тудырушы бейне. Эрида (грек мифологиясы) – дау-жанжал мен бүліктің құдайы. Ананси (африкалық мифология) – өрмекші кейіпіндегі құдай, айлакерлігімен және даналығымен ерекшеленеді.

Қазақ фольклористикасындағы трикстер архетипі түрлі кейіпкерлер арқылы көрініс табады. Мысалы: Қожанасыр – түркі халықтарына ортақ күлкі мен мысқылдың басты кейіпкері. Оның әрекеттері қоғамдағы әділетсіздікті

ажуалау арқылы адам мінезінің қайшылықтарын ашады. Алдар Көсе – айлакерлігімен, тапқырлығымен және әлеуметтік сыншылдығымен танымал кейіпкер. Ол бай мен би сияқты үстем тап өкілдерін алдап, қарапайым халықтың атынан әділдік іздейді. Бұл кейіпкерлер қазақ фольклорында тек күлкі мен ойын-сауық құралы емес, сонымен қатар әлеуметтік-сыни ойды жеткізудің көркем тәсілі болып табылады.

Фольклор мен әдебиеттегі трикстерлердің рөлі немесе қызметі көпқырлы. Мысалы: Қоғамдық нормалар мен дәстүрлерді салыстыруға мүмкіндік береді. Жаңа идеялар мен өзгерістерге түрткі болады. Адам табиғатының күрделі қырларын ашады. Қоғамдағы күлкілі және әділетсіз құбылыстарды әшкерелейді.

Айлакерлік феномені – адам табиғатына тән күрделі қасиет. Ол бір жағынан, теріс мінез көрінісі болса, екінші жағынан, адамның өмір сүру және бейімделу қабілетін айқындайтын оң қасиет ретінде де қарастырылады.

2-кесте – Трикстердің негізгі бейнелері.

Көрінісі	Түрлері
<i>Күнделікті өмірде</i>	<i>Тұрмыстық жағдайдағы ұсақ қулықтардан бастап, ірі алдау әрекеттеріне дейін көрініс табады.</i>
<i>Әдебиет пен өнерде</i>	<i>Трикстерлер көптеген әңгімелер мен романдарда, фильмдер мен пьесаларда басты кейіпкерлердің бірі ретінде бейнеленеді.</i>
<i>Мифологияда</i>	<i>Айлакер бейнелер әлемді жаратуға немесе оған зиян келтіруге қабілетті, сонымен қатар адамзатқа өмірлік тәжірибе үйретеді.</i>

Айлакерліктің себептері көп: өзін-өзі қорғау – қиын жағдайдан шығу жолын іздеу; мақсатқа жету – белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі айла қолдану; көңіл көтеру – күлкі мен мысқыл арқылы адамдарды ойландыру немесе көңілін көтеру.

Айлакерліктің екі қыры бар: біріншісі, оң жағы – қоғамның дамуына, адамдардың бейімделуіне, қиын жағдайдан шығуына ықпал етеді. Екіншісі, теріс жағы – өзге адамдарға зиян келтіріп, әлеуметтік қатынастарды бұзуы мүмкін. Қазақ фольклорындағы айлакер кейіпкерлер (Қожанасыр, Алдар Көсе және т.б.) тек әзіл-сықақ нысаны емес, сонымен қатар терең философиялық мазмұнға ие тұлғалар.

3-кесте – Трикстердің көркемдік қызметі.

Қызмет түрі	Мазмұны
Әлеуметтік сын	Трикстер арқылы қоғамдағы әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздік сынға алынады.
Көркемдік бейнелеу	Трикстердің әрекеттері оқиғаның дамуына серпін беріп, көркемдік динамика тудырады.
Халықтың ой-пікірін білдіру	Трикстер халықтың арман-тілегін, көзқарасын, әлеуметтік көңіл күйін білдіретін құрал ретінде қызмет атқарады.

Қазақ әдебиетіндегі трикстерлер – қоғамның рухани айнасы, күлкі мен сатира арқылы адам болмысының күрделі қырларын ашатын көркем архетиптер. Олардың бейнесі тек фольклорлық мұра ғана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтың бір бөлігі болып табылады.

Материалдар мен әдістері

Мақала қазақ фольклорының классикалық үлгісі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпостық жырының мәтіндік нұсқалары мен ғылыми еңбектерге сүйене отырып жүргізілді. Жырдың сюжет құрылымы, кейіпкерлер жүйесі, тілдік-көркемдік элементтері мен мифопоэтикалық архетиптері қарастырылды. Жырдағы трикстік бейнелерге – Қодар мен Қарабайдың тұлғалық және мінездік ерекшеліктеріне, сондай-ақ Баян мен Қозы бейнесіндегі айла-қулық, екіжақтылық көріністері талданды. Салыстырмалы материал ретінде әлемдік мифология мен фольклордағы трикстер типтеріне (Локи, Койо, Тазша бала) қатысты мәліметтер пайдаланылды. Бұл салыстырмалы деректер жырдағы трикстер архетипінің жалпы мәдени типологиядағы орнын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін К. Юнгтің архетиптер теориясы, П. Радиннің «Трикстер» концепциясы жөніндегі еңбектері, қазақ фольклортану мектебінің (Ә. Марғұлан, М. Әуезов, С. Қасқабасов, Б. Әзібаева) ғылыми тұжырымдары құрайды. Мифопоэтикалық талдау әдісі, кейіпкерлік талдау әдісі, интерпретациялық (мәндік) талдау әдісі, дереккөздерді пәнаралық тұрғыдан қарастырылды. Әдебиеттану, фольклортану, мәдениеттану және психоаналитикалық теория элементтері тоғыстықта қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының қай кезде пайда болғаны жөнінде ғалымдар әр қилы болжам айтады. Бір топ зерттеуші бұл жыр Жошы ұлысында дүниеге келген десе, екінші топтағы ғалымдар Ноғайлы дәуіріне телиді. Ал, үшінші топтағы ғалымдар аталмыш жырдың пайда болуын қазақ хандығымен байланыстырады. Бұлардың бәрінен өзгеше пікірді Өлкей Марғұлан ұсынды. «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жырының сюжеті

біздің заманымыздан 1–3 ғасыр бұрын пайда болған дей келіп, Ә. Марғұлан былай жазады: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының қай кезде шыққанын жақсылап айыратын белгінің бірі – оның күмбезі. Бұл күмбез – өте ертеде уақытта, исламнан көп бұрын, ғұн заманында не түркі қағанаты кезінде салынған белгі» [7, 23-б.]. Осы еңбегінің тағы бір жерінде Ә. Марғұлан бұл күмбездің, ондағы тас мүсіндердің жасалған мезгілі – Түрік қағанаты, яғни, VI–VIII ғасырлар шамасы деп нақтылап көрсетеді [7, 5-б.].

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» қазақ халқының ең көне ғашықтық жырларының бірі, XIII–XIV ғасырлардан бері жырланып, XIX ғасыр ортасында алғаш хатқа түскен лиро-эпостық жыр. Жырда ерте замандағы қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері баяндалады.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының басты айтушылары – Жанақ, Шөже, Бекбау және Бейсенбай [8, 118-б.], – деп М. О. Әуезов айтқандай, Шөже нұсқасының сюжетіне қысқаша тоқталсақ: екі бай – Қарабай мен Сарыбай аңшылықта жүріп, егер бірінің ұлы, екіншісінің қызы туса, атастыруға уәделеседі. Көп ұзамай Сарыбай қайтыс болып, ұлы Қозы, ал Қарабайдың қызы Баян дүниеге келеді. Уәдесіне берік болмаған Қарабай байлық пен даңқ үшін қонысын ауыстырып, қызын жетім Қозыға қимайды. Аягөз бойында ол Қодар есімді палуанға кездесіп, еңбегі үшін қызы Баянды беруге уәде етеді. Бірақ Баян Қодарды менсінбей, атастырылған жары Қозыны аңсайды. Қозы ұзақ сапардан кейін Баянды іздеп келіп, тазша бала кейпінде Қарабайдың ауылына орналасады. Екі ғашық кездейсоқ жолығып, бір-біріне деген сүйіспеншіліктерін білдіреді. Алайда Қарабай олардың сырын біліп қойып, қызын Қодарға ұзатпақ болады. Қодар Қозымен жекпе-жекке шығып жеңілген соң, кек алып, қапыда Қозыны өлтіреді. Сүйгенін жоғалтқан Баян айламен Қодарды алдап, құдық қаздырып, өзін ұстап тұрған бұрымын кесіп, оны тұңғыыққа құлатады. Кейін өзі де Қозының зиратына келіп, қанжармен өзіне қол салады. Қос ғашық ахиретте табысу үшін мәңгілікке бірге кетеді. Аңыз бойынша, олардың мазары Шығыс Қазақстандағы Аягөз бойында сақталған. Жырда уәдеге адалдық, махаббат еркіндігі мен рухани тазалық идеясы дәріптеледі. Қарабай мен Қодар – дүниеқоңыздық пен опасыздықтың, ал Қозы мен Баян – адалдық пен сүйіспеншіліктің символдары.

«Эпикалық нарративте сюжеттік байланыс қызметін ата-бабаларымыз ертеде қалыптастырған отбасын құру ереже заңдылықтары, солардың ішінде ең көне салттардың бірі – әлі тумаған перзенттерді атастыру салты атқарады. Бұдан өзге сюжет құрамында архаикалық наным-сенімдерге негізделген басқа да салт, рәсімдерді көреміз, мысалы, бата, теріс бата, аруаққа деген құрмет, сөз құдіретіне бас ию, ант, антты бұзу, сәуегей түс т.б. Яғни, халықтың архаикалық таным-көзқарастары, салт-дәстүрлері ғашықтық жырдың жалпы фоны болумен қатар, шығарма фабуласында маңызды элемент/мотив ретінде

көрініс беріп, сюжет құраушы мәнге ие болады» [9, 31-б.], – дегендей дастанда белқұда дәстүрі, антка беріктік, аруаққа тағзым сияқты көне наным-сенімдер көрініс тапқан.

Қазақ лиро-эпостық жырларында трикстердің ашық айқын бейнесін кездестіру қиын. Себебі лиро-эпостық жырлар негізінен, ғашықтық сезімдерді, адамгершілік мәселелерін жырлайды. Лиро-эпостық жырлардың басты тақырыбы – махаббат болғандықтан, тириктер аз кездеседі. Дегенмен жырдағы кейбір кейіпкерлердің мінез-құлқында трикстерге тән белгілерді байқауға болады. Мысалы: «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырындағы Қарабай мен Қодар. Олар ақылды, айлакер, бірақ кейде өз мақсатына жету үшін әділетсіз әрекеттерге барады.

Жоғарыда сипатталған оқиға өрбісінде трикстер архетипінің элементтері «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында бірнеше кейіпкердің іс-әрекеті мен мінез-құлқынан байқалады. Солардың ішіндегі ең бастысы – Қодар бейнесі.

«Трикстер – миф, фольклор мен әдебиеттегі әмбебап кейіпкерлердің бірі; шығармадағы қаһарманның қарсыласы – антипод сыңары. К. Юнгтің аналитикалық психологиясына сәйкес трикстер – ұжымдық бейсаналылық архетиптерінің бірі» [10, 242-б.]. Яғни Қодар – жырдағы Қозы Көрпешке қарсылас кейіпкер, екі ғашықтың бақытына бөгет болған «үшінші күш». Оның образында классикалық трикстерге тән көптеген белгі бар: әлеуметтік нормаларды белден басу, өзімшіл мақсатқа жету үшін қулық пен қиянатқа бару, екіжүзді мінез көрсету, зорлық-зомбылыққа дайын тұру. Ең әуелі Қодардың Қозы Көрпешпен күш сынасуы және жеңілген соң, берген сертінде тұрмай келісімді бұзуы. Қазақ эпостарында батырлар арасындағы жекпе-жекте жеңілген тарап жеңімпаздың талаптарына мойынсұнуы жазылмаған заң. Ал, Қодар бұл дәстүрлі аяққа таптап, қарсыласын артынан келіп өлтірді. Яғни ашық айқаста бетпе-бет келе алмаған Қодар алдап соғу, қапыда соққы беру арқылы мақсатқа жетті – бұл трикстердің басты амалының бірі (алдау, опасыздық) екені даусыз. Тағы бір мысал:

«Ауры, дәулет беріпті алла несіп,
Аузынан уағдамен серт берісіп.
Екеуі жапан түзде бек сөйлесіп,
Дос болды ақиреттік, құдай десіп.
Алланың әміріне көнелік,
Көздің қыры түскенін көріселік,
Ұл туар да қыз туар заман болса,
Уағдамен қалыңсыз беріселік» [11, 15-б.], –

яғни, берген уәдесінен айнып қалған Қарабай «ант бұзған» бейне. Жыр басында Қарабай мен Сарыбайдың анттасып айнамаймыз деп серт беріп, ақыры Қарабайдың серттен тайғаны. Қарабай да – тристік бейне.

Сол сияқты Қодар да Қозымен шартына адал қалмады. Эпостық жырларда ант, уәде – қасиетті ұғым, оны бұзу үлкен күнә ретінде суреттеледі. Қодардың серт бұзуы арқылы жырда уәдеге опасыздықтың аяғы қасіретке апарады. Бұл да трикстерлік әрекетті көрсетеді. Жырда Қодардың айлакерлігі мен қулығы шебер суреттелген. Ол ашық айқаста жеңілгеннен кейін Баянды күшпен тартып ала алмайтынын түсініп, қулыққа көшеді: аңдып жүріп Қозыны өлтіреді, сосын Қарабайға қысым жасап, Баянды алу үшін түрлі әрекеттер жасайды. Әр түрлі нұсқада Қодардың қулық-сұмдықтары бейнеленген. Бірінде ол елге Қозы Көрпешті өлтіргенін сездірмей, оны іздеуге кеткендей кейіп танытады. Екіншісінде тіпті Баян мен Қозының жасырын кездесулерін әшкерелеп, Қарабайдың ашу-ызасын пайдаланып бақдайды. Яғни, Қодар тек күштің ғана емес, амал-айланың да иесі екені көрінеді. Оның айлалы әрекеттері бір жағынан, қара ниетті болса да, екінші жағынан, сюжетті күрделендіріп, драматизмды арттырады – бұл трикстердің әдеби қызметінің айқын көрінісі. Дегенмен Қодарды біржақты зұлым деп қарастыруға болмайды, жырдың бастапқы бөлімдерінде шаруақор, құдық қазып елді жұттан құтқарады, «ел тірегі – малсақ батыр» деген мадаққа лайық кейіпте суреттеледі.

М. Әуезов: «Қодар – көшпелі елдің шаруа салты туғызған батыры. Қазақтың бақташылығы ер жігіттің, мықты жігіттің қолынан ғана келетін іс». Қодар – «ел қиялындағы қар төсеніп, мұз жастанып, жеңін жастық, етегін төсек қылып жүріп мал өсіретін, құт, береке болатын батыр бақташы. Батырлық, ерекшелік, мақтан, атақ Қодарға жарасады» [8, 125–126-бб.].

Қодардың бұл қоғамға пайдалы жұмыс істейтін жағы. Шындығында, Қодар егер Қозы Көрпеш пайда болмаса, бәлкім, сол еңбегі үшін Баянды алып, ешкімге зиянын тигізбес еді. Сондықтан жырдағы оқиғаның бірінші жартысында Қодарды жан-жақты қарастырсақ, оны өз ортасының (көшпелі қауымның) қажетіне жараған, күшімен мәртебеге ие болған жан ретінде де көреміз. Алайда оқиғаның екінші бөлімінде Қодар шын атастырылған жұп туралы хабардар болған соң, кек пен қызғанышқа булығы да, бірте-бірте «зорлықшыл, қиянатшыл, қара күштің жиынтық бейнесіне» айналады.

Қодардың жүректілігі де, жомарттығы да жоқ, тек өз мақсатына жету жолында қайраты мен айласын пайдаланатын пенде. Мұндай мінез-машығы оны фольклорлық қаһарман емес, керісінше, архетиптік трикстер қатарына жақындатады. Ол – ортақ моральға мойынсұнбайтын, өз басының күйкі есебін күйттеген, бірақ сол арқылы бүкіл оқиғаға қозғау салған бейне. Жырдағы трикстерлік қасиеттер Қодармен ғана шектелмейді. Қарабайдың сертінен тайқуын да трикстерлік мінездің бір көрінісі деп қарастырамыз, өйткені Қарабай да дәстүрді (белқұда салтын) бұзып, қоғамның жазылмаған заңын аттаған адам. Мысалы:

«Тұрмайды сол Қарабай нетке жетіп,
Сөйлескен құдайшылық естен кетіп,
Маралды егіз лақпен теңдеп алып,
Халқына жөнеледі өлеңдетіп...
Маралды егіз кодығымен теңдеп алып,
Достысын бек сөйлескен кетті тастап» [11, 18-б.], –

дегенмен Қарабай сюжетте белсенді айлакерлік әрекеттен гөрі тоғышар, саран тұлға ретінде бейнеленген, оның ісі – қашу, серттен бас тарту. Сондықтан Қарабайдан гөрі Қодар нағыз трикстерлік рөл атқарады деуге болады, себебі оқиға ілгерілеуіне тікелей оның қулығы мен озбырлығы әсер етеді. Қодарға қоса жырда Баян сұлу мен Қозы Көрпештің өзіндік айла-тәсілдері де трикстерлік элементке ие. Мысалы, жоғарыда айтылған Қозының өз сүйіктісіне жақындау үшін «Тазша бала» кейпіне еніп, қотанға қойшы болып келуі – классикалық жасырыну, бейсаналу (инкогнито) мотиві.

«Тазша болып Қозыкем кетті дейді,
Аяғөзден сал байлап өтті дейді.
Әншейін ақ қолаңдар адам болып,
Қарабайдың қасына кепті дейді...» [12, 37-б.], –

бұл эпизодта Қозы Көрпеш өзінің кім екенін аңғартпас үшін шашын алады (жырда Қозының «алтын айдары» болғаны, сол арқылы тануға болатыны айтылады, ал ол айдарын жасырып, тақырбас кейіпте келеді деген мифтік ишара бар). Яғни қаһарман бір сәтке өз тотемдік болмысын «тастап», таз кейпіне кіріп, қыз ауылының ішінде елеусіз жүреді. Мұнда трикстерге тән маска кино, образ өзгерту, ережеден тыс әрекет ету мотиві байқалады. Қозы бұл қулығы арқылы мақсатына – Баянмен қауышуға – қол жеткізеді.

Баян сұлу – негізінен, идеалданған оң бейне (ақылды, сұлу, адал жар). Баян сұлу туралы сөз қозғағанда М. Әуезов «Оқиға желісінің өзі де, осы Баян үшін болған тартыстан басталып, Баянның өзін-өзі ғашықтық жолына құрбан етуімен аяқталады» – деп көрсетеді. Ғалым Баян сұлуды былайша сипаттайды: «Баян – ақылды, өр мінезді қыз. Өзінің сүйіспеншілік сезімін ажалдан да жоғары бағалайды, оған кір жұққызбайды. Оның махаббат жолындағы қасиетті ерлігі жер жүзі дастандарында, ең көркем үлгілерде ғана ұшырайтын зор қасиет болып суреттеледі» [13, 222-б.].

Дегенмен, Баян да оқиғаның соңында айлакерлік пен қулыққа жүгінеді. Ол Қодардан кек алу үшін өте тәуекелшіл және тапқыр амал табады: алдамшы уәдемен Қодарды өлімге құлатады. Баян сұлу бұл әрекетті әділетті кек үшін істегенімен, тандап алған тәсілі трикстерлік құбылысқа жатады, яғни, ашық күреспен емес, алдау жолымен жауды жеңуі.

«Қодар енді құдықтан су алады,
Аламын деп шыңырауға жұмылады.

Алдағанын баянның қайдан білсін,
Аламын деп ішінен қуанады.
Шашын байлап құдыққа салды дейді,
Кебіспенен бір суды алды дейді.
Кебіспенен бір суды ішіп алып,
Баян енді сусынмен қанды дейді...
Шығамын деп аяғы тая берді,
Тарт сана деп құшағын жая берді.
Тартып тұрып құдықтың жағасына
Шашын кесіп шыңырауға қой берді» [12, 52–53-66.],

Оның Қодарға «маған құдық қазып су шығар» деуі – қарсыласын өз қазған орына өзі түсірген айла. Тіпті Баян сұлу сол сәтте әдемі сөзбен Қодардың көңілін байлап, оны сендіріп алады, бұл да трикстердің қарсыласын сөзіне сендіріп барып тұзаққа түсіретін дәстүрлі қулығын еске түсіреді. Баян сұлу қитұрқы айла арқылы Қодарды жазалап, зұлымдықты жеңгенімен, өзі де ақырында осы трикстерлік әлемнің бір бөлшегіне айналып, моральдық шекарадан аттап өтеді, яғни адам өлтіру күнәсіне қолы былғанады. Сондықтан бұл эпизодты кей зерттеушілер Баян образының екіұштылығын көрсететін сәт деп бағалайды. Айлакерлік – қажет болса қулыққа бару, тіпті жағымды кейіпкердің де қаруы болуы мүмкін, алайда оның зардабы ауыр болатынын Баянның трагедиясы дәлелдейді (сүйгенін жоғалтқан, өзі де өмірден өткен).

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында трикстер архетипі бірнеше деңгейде қызмет етеді. Негізгі трикстерлік бейне – Қодар. Ол -оқиғаның басты антагонисі, өз айла-қарсы іс-әрекеті арқылы сюжетті өрбітуші және шиеленісті күшейтуші тұлға. Қодар арқылы шығармада адалдық пен арамдықтың мәңгілік тайталасы айқын көрініс табады. Екінші деңгейде, Қозы мен Баянның белгілі бір жағдайларда трикстерлік әдіске баруы көрсетілген. Бұл олардың айлакерлігі махаббат жолындағы әрекет болса да, жалпы трикстерлік мотив ретінде сюжетке қызмет етеді. Үшіншіден, Қарабайдың ант бұзуы, сөзінде тұрмауы – трикстерлік мінездің қоғамда үстемдік алғанда (басшы адам екіжүзді болса) не боларын меңзейді. Осы элементтердің бәрі қосылып, жырда трикстер образы тек жеке кейіпкердің портреті ғана емес, жалпы қоғамдық моральдың сыналуының символына айналады.

Эпостағы трикстер бейнесінің негізгі функцияларын талдасак, олар әрі көркем-эстетикалық, әрі әлеуметтік-мағыналық қызмет атқаратынын байқаймыз. Драмалық қызметі тұрғысынан алғанда, трикстер (Қодар) – сюжеттің қозғалтқыш күші. Егер Қодар сияқты қарсылас пайда болмаса, Қозы мен Баянның махаббат оқиғасы бақытты аяқталуы да мүмкін еді немесе тартымсыз жай әңгіме болып қалар еді. Демек, Қодар – сюжетке қажетті шиеленісті енгізетін, қайғылы оқиғаның туындауына түрткі болатын

кейіпкер. Бұл – әдебиеттегі трикстердің жиі кездесетін рөлі: олар қоғамдағы қасарысқан кереғарлықтардың тасын қозғап, тартыс отын тұтатады. Мысалы, әлем әдебиетіндегі трикстерлер көбіне басты кейіпкердің жолына кедергі болып, оны сынақтардан өткізіп, өзінің айласы арқылы қаһарманды жаңа жағдайға душар етеді (гректің Прометейі Зевсті алдап, отты ұрлап адамзатқа берсе, бұл – әрекеті жаңа тартыстарға себеп болған; ал қазақ ертегілеріндегі Алдар Көсе байларды алдап, соңында оларды күлкіге ұшыратады - бұл да бір жағынан сол қоғамдағы әділетсіздікті әшкерелеп, жаңару қажеттігін мегзейді). Сол сияқты Қодар да Қозы мен Баянның арасында трагедиялық кедергі болып, олардың махаббаттарын бұзу арқылы оқиғаны шиеленістіреді. Нәтижесінде, шығарма оқырманның жанын тебірендетін қуатты драмаға айналады, қос ғашықтың өлмімен аяқталатын қасірет. Егер трикстер болмағанда, мұндай драмалық әсер, эмоционалдық зор қуат тумас еді. Осы тұрғыдан трикстер бейнесі эпостағы көркемдік қажеттілікті бейнелеп тұр. Мәдени-әлеуметтік қызметі жағынан, трикстер – қоғамдық нормалар мен моральдық қағидаларды сынаушы образ. Қодар мен Қарабайдың әрекеттері сол заманның әлеуметтік этикасына қайшы келеді. Достық антты бұзу (Қарабай жағы), жеңілгеннен кейін жауды қапыда өлтіру (Қодар жағы), атастыру тәртібін елемей, қыздың қалыңмалын күшпен алмақ болу – бұлардың бәрі қазақтың дәстүрлі құндылықтар жүйесінде айыпталған қылықтар. Жырда осы теріс әрекеттерді бас кейіпкерлер мен халық қатты айыптайды, ал Қодар мен Қарабай қатаң жазаға ұшырайды (Қодар өліп, Қарабай ел бетіне қарамай қалады). Мұның өзі шығарманың моральдық түйінін құрайды. Опасыздық пен озбырлық ешқашан жеңіске жетпейді, жазасыз қалмайды дегенді түсіндіреді. Трикстер – осы ойды оқырман санасына жеткізудің құралы қызметін атқарып тұр. Яғни трикстер кейіпкер арқылы авторлар әлеуметтік нормаларды әдейі бұздырып, оның қандай ауыр зардаптарға соқтыратынын көрсетеді. Сонымен қатар трикстер арқылы белгілі бір әлеуметтік институттарға сын айтылады. Мәселен, Қарабай мен Қодардың образы сол кездегі ру басылардың, байлардың жағымсыз бейнесін сомдайды. Мысалы, Қарабай – дүние үшін достықты тәрк еткен опасыз, Қодар – нәпсі үшін зұлымдыққа барған қатыгез. Халық жырды тыңдай отырып, шын өмірде де кездесетін осындай кейіпкерлерді таниды және оларды сынайды. Жырда айтылғандай, ел Қарабай мен Қодарға лағнет айтып, олардың ісін жазғырған. Демек, бұл кейіпкерлер – әлеуметке ой салу, тәрбие беру мақсатындағы көркем құрал. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында адалдық, уәде беріктік, достық қасиеттер қашан да жоғары бағаланған. Ал сол қағидаларды бұзған опасыздарды халық жек көрген, олардың көркем бейнелері арқылы кейінгі ұрпаққа ғибрат қалдырған. Қодар бейнесі дәл осындай қызмет атқарады.

«Мінді дейді Қодар құл көк серекті,
«Өлтіремін ол тазша бедіректі».
Елін-жұртын Қарабай жиып тұрып,
Енді іздемек болыпты Шоқ теректі» [12, 48-б.].
«* тым-ақ Қодардың қатты дейді,
Қамыс окпен жүректен атты дейді,
Қамыс окпен жүректен атқан екен,
Оғымен айқасып жатты дейді» [12, 48-б.].
«Бәрәкелді Қодардың тентегіне,
Баян сұлу жүрмейді жетегіне.
Ал байыңның бас деп тастай берсе
Баян тосып алыпты-ау етегіне» [12, 50-б.]

Қодар өз еңбегі сіңгендігі үшін (мал бағып, жұттан құтқарғаны үшін) Баянға лайықтымын деп санайды. Шынымен де, Қарабай Баянды бұрынғы атастырғаны бар екенін айтпай, өзі уәде беріп қойған. Осы тұрғыдан алғанда, Қодар алғашқыда үлкен қателік жасаған жоқ, ол Қарабаймен түзілген жаңа келісімшартқа сенді. Қодардың «құқығы» мен Қозының «құқығы» арасындағы дау – екі түрлі дәстүрдің қайшылығы: бұрынғы құдашылық пен еңбекті ақтау (қызды малын құтқарған батырға беру) арасындағы тартыс. Мұнда авторлар біржақты шешім шығармайды, себебі эпоста екі жақ та жеңіліске ұшырайды (Баян мен Қозы да, Қодар да). Бұдан түйетініміз – әлеуметтік нормалардың өзара қақтығысы қоғамда қайшылық тудырады, ал трикстер тұлғасы сол қайшылықты ашып көрсетудің тәсілі. Қодар арқылы дәстүр мен жеке мүдденің шиеленісі пайда болып, салдарынан екі жақ та бақытсыздыққа ұшырайды. Бұл – халық үшін ауыр сабақ. Мүмкін, осы жыр арқылы көне замандағы жыршылар жастарға ата-ана таңған ескі салттың (белқұда болудың) қиындықтарын да тұспалдап жеткізген шығар немесе еңбегі сіңген ердің де жеке құқығын ескеру керек пе деген ой тастаған болуы мүмкін. Қалай болғанда да, трикстер бейнесі қоғамдық моральдің қатал талаптарын, түрлі әлеуметтік нормаларды сынап көруге мүмкіндік беретін әдеби эксперимент іспетті. Трикстердің драмалық әрі мәдени қызметінің бір көрінісі – күлкі мен трагедияны ұштастыруы. Көп трикстерлік сюжеттерде оқырман кейіпкердің қулығына, оғаш қылықтарына күліп отырып, соның астарынан ащы шындықты байқайды. Біздің эпоста ашық комедиялық көріністер аз болғанымен, кейбір эпизодтарда ирония мен мысқыл сезіледі. Мысалы, Қозы Көрпештің қойшы болып келгенде Қарабайды алдап жүруі – белгілі бір дәрежеде комедиялық жағдаят (Қарабай оның кім екенін білмей ақымақ болады). Сол секілді жыр соңында Баянның Қодарды алдап құдыққа құлатуы – сырттай қарағанда айлакер қыздың зұлым дұшпанды жер жастандырғаны, әділ жазасы. Бұл жерде Қодардың ақымақтығы, өз қолымен

өзіне ор қазғандығын көреміз. Яғни зұлым трикстердің өзі басқа трикстерлік амалдың құрбаны болды. Бұл – фольклорда жиі кездесетін мотив айлакердің өз айласына өзі ұрынуы. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында трикстер күрделі символдық рөл ойнайды. Трикстер архетипі эпоста әдеби-драмалық функция (тартыс тудыру, оқиғаны дамыту) мен әлеуметтік-этикалық функцияны (моральдық құндылықтарды сыннан өткізу, әділеттілік идеясын айшықтау) бірдей қамтамасыз етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, әдебиеттану ғылымындағы жаңашыл бағыттарды саралап, жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды әлемдік айналымға енгізу басты назардағы мәселе. Трикстер – бұл әлемнің фольклорында, көптеген көркем шығармаларында кездесетін қызықты және күрделі мифологиялық кейіпкер. Олардың бейнесі арқылы адамның табиғаты, қоғамдық өмір және әлемнің құбылысы туралы көптеген мәселелерді түсінуге болады.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы трикстер бейнесі (әсіресе Қодардың образы) – қазақ фольклорының әлемдік мифологиялық кеңістікпен үндесетін тұсы. Ол арқылы жыр жалпыадамзаттық мәнге, кең философиялық толымдылыққа ие болады. Трикстер архетипі жырда зұлымдықтың тұтқасы ретінде көрінсе де, сол зұлымдықпен күресте махаббат пен адалдықтың мәні ашыла түседі. Бүгінгі мәдени таным тұрғысынан алсақ, Қодар бейнесі бізге қоғамдағы түрлі «трикетік» құбылыстарға (алдау-арбау, сатқындық, қулық-сұмдық) көз ашып, оларды еңсеру үшін не істеу керектігін ойлануға мәжбүр етеді. Сондықтан бұл бейне лиро-эпоста қалып қоймай, қазіргі көркем шығармаларда трансформацияланған түрінде өмір сүре береді. Әдебиеттегі трикстер – адам табиғатының өзгермес бір бөлшегі ретінде – әрдайым зерттеуге лайық. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры бізге осыны ұғындырады. Махаббат мәңгі болса, трикстер де мәңгі, екеуінің бітіспес тартысы да мәңгілік тақырып.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Қасқабасов С. А., Айтмұхамбет Ж. Ә.** Қазақ фольклоры [Мәтін] / Қасқабасов С. А., Айтмұхамбет Ж. Ә. – Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. – 228-б.

2 **Гаврилов Д. А.** Трикстер. Лицедей в евроазиатском фольклоре / Д. А. Гаврилов Текст: электронный // Журнал «Самиздат»: [сайт]. [Электронный ресурс]. – URL: http://samlib.ru/g/gawrilow_d_a/gavrilovd2012_27.shtml

3 **Юнг К. Г.** Душа и миф. Шесть архетипов [Текст] / Юнг К. Г. Киев – М., 1997.

4 **Юнг К. Г.** О психологии образа Трикстера // Радин, П. (1999), Трикстер. Исследование мифов североамериканских индейцев с комментариями [Текст] / К. Г. Юнга и К. К. Керенъи. Санкт-Петербург, 1999.

5 **Радин П.** Трикстер // Исследование мифов североамериканских индейцев с комментариями [Текст] / К. Г. Юнга и К. К. Керенъи. – СПб. : Евразия, 1999. – С. 265–286.

6 **Bassil-Morozow, H.** (2017). Loki then and now: the trickster against civilization [Text] / Bassil-Morozow, H. International Journal of Jungian Studies, 9(2), 84–96. <https://doi.org/10.1080/19409052.2017.1309780>

7 **Марғұлан Ә.** Қозы Көрпеш-Баян Сұлу : Естияр балалар үшін [Мәтін] / Марғұлан Ә. – Алматы : Өнер, 1994. – 32-б.

8 **Әуезов М.** Әдебиет тарихы [Мәтін] / Әуезов М. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 349-б.

9 **Әзбаева Б. У.** «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры [Мәтін] / Әзбаева Б.У. – М.О.Әуезов зерттеуінің нысаны. «Керуен» ғылыми журналы № 4, 81 том, 2023 ж. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-02>

10 **Қалиева А., Г. Сәулембек Г.** ХХІ ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі [Мәтін] / Қалиева А., Г. Сәулембек Г. Алматы : «Service Press» баспасы, 2024. – 296-б.

11 **Қозы Көрпеш – Баян сұлу.** Лиро-эпос жыры [Мәтін]. – Алматы : Жалын, 1985. – 96-б.

12 **Дүйсенбаев И. Т.** Қозы Көрпеш – Баян Сұлу жыры. Шөже нұсқасы [Мәтін] / Дүйсенбаев И. Т. Алматы : Қазақ ССР ғылым академиясының баспасы, 1957. – 144-б.

13 **Әуезов М.** Қозы Көрпеш – Баян сұлу // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т. 28. [Мәтін] / Әуезов М. – Алматы : Ғылым, 2007. – 235-б.

References

1 **Qasqabasov, S. A., Aitmukhambet, Zh.A.** Qazaq folklor [Kazakh Folklore] [Text]. – Almaty : Evero Publishing, 2020. – 228 p.

2 **Gavrilov, D. A.** Trikster. Litsedei v evroaziatskom fol'klore [Trickster. A Comedian in Eurasian Folklore] [Text]. Samizdat Journal [Electronic resource]. – URL: http://samlib.ru/g/gawrilov_d_a/gavrilovd2012_27.shtml (Review date: 25.08.2025).

3 **Yung, K. G.** Dusha i mif. Shest' arkhetipov [Soul and Myth. Six Archetypes] [Text]. Kyiv – Moscow, 1997.

4 **Yung, K. G.** O psikhologii obraza Trikstera [On the Psychology of the Trickster Image] // In : Radin, P. Trikster. Issledovanie mifov severoamerikanskikh indeitsev s kommentariyami K.G. Yunga i K.K. Keren'i [Trickster. A Study

of the Myths of North American Indians with Comments by C. G. Jung and K. K. Kerenyi] [Text]. St Petersburg, 1999.

5 **Radin, P.** Trickster [Trickster]. In: Issledovanie mifov severoamerikanskikh indeitsev s kommentariyami K. G. Yunga i K. K. Keren'i [A Study of the Myths of North American Indians with Comments by C. G. Jung and K.K. Kerenyi] [Text]. St. Petersburg : Evraziya, 1999. – P. 265–286.

6 **Bassil-Morozov, H.** Loki then and now: the trickster against civilization. [Text] International Journal of Jungian Studies, 9 (2), 2017. – P. 84–96. [Electronic resource] – URL: <https://doi.org/10.1080/19409052.2017.1309780> (Review date: 15.08.2025).

7 **Marghulan, Á.** Qozy Körpesh–Bayan Sulu: Estiyar balalar үшін [Kozy Korpesh–Bayan Sulu: For Older Children] [Text]. – Almaty: Öner, 1994. – 32 p.

8 **Aueзов, M.** Ädebiет tarihы [History of Literature] [Text]. Almaty : Ana tili, 1991. – 349 p.

9 **Äzbaeva, B. U.** «Qozy Körpesh – Bayan Sulu» jыry – M. O. Aueзов zertteuiniñ nysany [The epic «Kozy Korpesh-Bayan Sulu» – the research object of M. O. Aueзов] [Text]. Kervan Scientific Journal, No. 4, Vol. 81, 2023. [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-02> (Review date: 03.08.2025).

10 **Qalieva, A., Saulembek, G.** XXI gasyr ädebiетtanuı: terminder sözdigi [21st Century Literary Studies: Dictionary of Terms] [Text]. Almaty : Service Press, 2024. – 296 p.

11 Qozy Körpesh – Bayan Sulu. Liro-epos jыry [Kozy Korpesh – Bayan Sulu. Lyrical-Epic Poem] [Text]. – Almaty : Jalyn, 1985. – 96 p.

12 **Duysenbaev, I. T.** Qozy Körpesh – Bayan Sulu jыry. Shöje nusqasy [Kozy Korpesh – Bayan Sulu Poem. Shözhe Version] [Text]. – Almaty : Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1957. – 144 p.

13 **Aueзов, M.** Qozy Körpesh – Bayan Sulu [Kozy Korpesh – Bayan Sulu] [Text]. In: Shygarmalarynyñ elu tomdyq tolyq jinaghy, Vol. 28 [Complete Works in Fifty Volumes, Vol. 28]. – Almaty : Gylym, 2007. – 235 p.

05.07.25 ж. баспаға түсті.

19.08.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. М. Тлеужанова

Alikhan Bokeikhan University,

Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 05.07.25.

Поступило с исправлениями 19.08.25.

Принято в печать 25.11.25.

ОБРАЗ ТРИКСТЕРА В ЛИРО-ЭПОСЕ «КОЗЫ КОРПЕШ – БАЯН СУЛУ»

В данной статье исследуется архетип трикстера в казахской литературе. Этот феномен архетипа по-прежнему остаётся актуальным в литературоведении. Рассматриваются сущность, разновидности и художественные проявления трикстерского архетипа. Определяются, кто такой трикстер и каковы его основные характеристики. В процессе исследования теоретические аспекты трикстерской природы изучались на основе трудов зарубежных и казахстанских учёных, занимающихся архетипическими исследованиями: К. Юнга, П. Радина, Д. Гаврилова, М. Бахтина, Е. Корниловой, А. Кузнецова, К. Оразкуловой, М. Оразбек, С. Кондыбая, А. Тайшанулы и др. Архетип трикстера является одним из важнейших образов мировой культуры. Он присутствует во фольклоре и литературе всех народов, охватывая различные культурные эпохи и отражая коллективное бессознательное. Само слово «трикстер» (от англ. trickster – хитрец, обманщик, ловкач и др.) обозначает персонажа, совершающего действия, противоречащие общественным нормам и общепринятым законам. Это могут быть как антропоморфные животные, так и человеческие персонажи мифов, фольклора и художественной литературы. В художественных произведениях трикстер может выступать как второстепенное лицо, находящееся рядом с главным героем, так и в качестве самостоятельного персонажа. Объектом исследования стал казахский лиро-эпос «Козы Корпеш – Баян сулу». Цель исследования — на основе метода психоанализа провести анализ казахского народного лиро-эпоса и определить художественную функцию трикстера. В качестве примеров рассматриваются образы Карабая и Кодара как типичных воплощений трикстерского начала. Актуальность статьи определяется отсутствием достаточной и комплексной характеристики образов трикстеров в лиро-эпосах. Исследуемый феномен трикстера позволяет не только понять культурные представления прошлого, но и анализировать современные социальные и нравственные проблемы через призму архетипических образов.

Ключевые слова: архетип, трикстер, образ, фольклор, лиро-эпос, художественная литература.

*A. M. Tleuzhanova

Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 05.07.25.

Received in revised form 19.08.25.

Accepted for publication 25.11.25.

THE IMAGE OF THE TRICKSTER IN THE LYRIC-EPIC «KOZY Korpesh – Bayan Sulu»

This article examines the archetype of the trickster in Kazakh literature. This archetypal phenomenon remains relevant in contemporary literary studies. The paper discusses the essence, types, and artistic manifestations of the trickster archetype and defines who the trickster is and what his main characteristics are. In the course of the study, the theoretical aspects of the trickster's nature were explored based on the works of both foreign and Kazakh scholars engaged in archetypal research: C. G. Jung, P. Radin, D. Gavrillov, M. Bakhtin, E. Kornilova, A. Kuznetsov, K. Orazkulova, M. Orazbek, S. Kondybai, A. Taishanuly, among others. The trickster archetype is one of the most significant images in world culture. It appears in the folklore and literature of all peoples, covering various cultural epochs and reflecting the collective unconscious. The term «trickster» (from the English trickster – deceiver, cunning person, cheat, etc.) denotes a character who performs actions that contradict social norms and generally accepted laws. Such characters may be anthropomorphic animals or human figures in mythology, folklore, and fiction. In literary works, the trickster may act as a secondary figure accompanying the main hero or as an independent character. The object of this research is the Kazakh lyric-epic «Kozy Korpesh – Bayan Sulu». The aim of the study is to analyze the Kazakh folk lyric-epic poem through the method of psychoanalysis and to determine the artistic function of the trickster. As examples, the images of Karabay and Kodar are considered as typical embodiments of the trickster archetype. The relevance of this article lies in the lack of sufficient and comprehensive characterization of trickster images in Kazakh lyric-epic narratives. The trickster phenomenon under study helps not only to understand the cultural ideas of the past but also to analyze modern social and moral issues through the prism of archetypal imagery.

Keywords: archetype, trickster, image, folklore, lyric-epic, fiction.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz